1. Шейко А.М. Циркуляционно-реагентная регенерация скважин на воду. Автореф. дисс.....на соиск. канд. техн. наук. – Минск, 2008. -21с.
2. Гребенников В.Т. Восстановление производительности водозаборных скважин кислотным составом в твердой фазе// Водоснабжение и санитарная техника. – 2008. - № 8. – С. 39-41.
3. Алексеева Л.П. Влияние условий образования и состава промывных вод фильтров на процесс их очистки. // Водоснабжение и санитарная техника. – 2011, №8. – С.18-25.
4. Тараканов В.В., Кузнецов М.И., Ринкеевич А.Б., Шутов К.Н. Восстановление эксплуатационных свойств водозаборных скважин методом ультразвукового воздействия // Водоснабжение и санитарная техника.- 2007. - №3. - С.13-16.

Батыс Қазақстан облысы сырым ауданының ауыз су сапасы туралы

*Муржанова Р.К.,
«БҚО санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы»
РМҚК-ның Сырым ауданы бойынша филиалы, БҚО*

Тақырыптың өзектілігі: «Су... Сенің түсің де, иісің де, дәмің де жоқ. Сондықтан сені суреттеу мүмкін емес. Бірақ сен адамға рақат сыйлайсың. Сені тіршілікке қажет деп айту аздық етеді. Сен тіршіліктің өзісің» (Антуан де Сент-Экзюпери). Су - осы екі ғана әріптен құралған мөлдір сұйықтықта тіршілік көзі жатыр. Табиғатта баға жетпес ең қымбат қазынасының бірі - су. «Су – тіршілік көзі, жердің нәрі», «Су-баға жетпес байлық» деген сияқты ұғымдарды былай қойғанда, тіршіліктің өзі суда пайда болғандығынан, адам баласы күнделікті тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналған сусыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да, алғаш адамзат жаралған сонау ықылым заманнан бері өмір өзегі саналатын судың баламасыз қасиетін бағалап, «судың да сұрауы бар» деген қағида шеңберінде қастерлеп келеді.


Барша жұртқа мәлім дүние жүзінде су қоры азайып келеді. Тұщы суларды сұранысқа сай пайдалану сұрақтарын ұйымдастыру қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің ең маңыздысы болып отыр. Тұщы су проблемасымен тұрақты түрде айналысып келе жатқан беделді халықаралық сарапшылардың мәлімдеуінше, ХХІ ғасырдың ортасына таман тұщы су тапшылығы планетамыздағы ең өткір проблемаға айналады. Тіпті БҰҰ-ның хатшысы Пан Ги Мун бір сөзінде «әлем тұщы су үшін соғыс жағдайына жақындады» деп атап көрсетті. Табиғи таза судың мұнайдан да қымбат ұлттық байлық көзіне бағаланатыны ХХІ ғасырда аңыздан ақиқатқа айналатын түрі бар. Арнайы мәліметтерге сүйенсек соңғы 50 жылдың көлемінде әлемдегі мұнай бағасы 10 есе артса, ауыз судың бағасы 1000 есеге артқан. Алдағы уақытта таза ауыз су бағасы тағы да жүздеген есе көтерілмек. Кейбір ғалымдардың айтуынша, енді бірнеше ондаған жылдардан кейін су әлемдік саясаттың басты құралына айналады.

Қазақстан ТМД мемлекеттері ішінде су үлесі тұрғысынан ең соңғы орынды иеленеді. Қойнауы Менделеев кестесіне кіретін қазба байлығының барлығы бар қазақ даласы құдіреті күшті табиғи су көздеріне тапшы. Мәліметтер бойынша 1950 жылдарында Қазақстанда 120 млрд. текше метр шамасында су қоры болса, қазір оның көлемі 100 млрд. текше метрге дейін кеміген. Елімізде 100 текше шақырымды құрайтын жер үсті су қорының 58 % ғана республика аумағында жинақталады, қалған су қоры трансшекаралық Ресей мен Қытайдан, Қырғыстан мен Өзбекстаннан бастау алатын өзендерден келеді. Біздің Батыс Қазақстан облысындағы табиғи су қорының 80 %-ы Ресейге тәуелді. Өйткені, облысымыздағы ең үлкен су көзі-Жайық өзені бастауын Башқұртстаннан алады, Шаған мен Деркөл өзендерінің бастауы Орынборда жатыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты биылғы Жолдауында «Су-барынша шектеулі ресурс және оның көздерін иелену үшін күрес жер бетіндегі шиеленіс пен жанжалдар себептерінің бірі ретінде қазірдің өзінде геосаясаттың аса маңызды факторына айналып отыр» деп көрсетті. Елімізде 2011 жылдан бастап «Ақ Бұлақ» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның негізгі мақсаты: халықты қажетті мөлшерде және сапасына кепілдік берілген ауыз сумен қамтамасыз ету және ауылдық елді мекендердің жалпы санының 80%-на, ал

қалаларда 100 %-ға орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету. Сонымен қатар «Ақ бұлақ» бағдарламаның міндеттерінің бірі – халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты сулардың әлеуетін барынша пайдалану.

Адам ағзасы 70 % судан тұрады. «Ауру - астан дейміз». Ал сол астың көпшілігі сусыз дайындалмайды. Тамақ ішпей бірнеше күн, не апта жүруге болатын шығар, бірақ су ішпей жүру қиын. Адам ағзасы 20 пайыздан астам су жоғалтса өлімге алып келеді. Минералдар мен микроэлементтерге толы судың адам өмірінде маңызы зор. Су - адам денсаулығының кепілі екені бәрімізге белгілі.



Зерттеу нысаны: Мақалада Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы бойынша тұрғындар тұтынатын ауыз сумен қамтамасыз ету және ауыз судың санитарлық-гигиеналық және микробиологиялық жағдайын зерттеу.

Зерттеу материалдары және әдістері: «БҚО СЭСО» РМҚК-ның Сырым ауданы бойынша филиалының

санитарлық-гигиеналық және микробиологиялық зерханаларында 2010-2012 жылдар аралығында жүргізілген су мониторингісіне талдау жасалды.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау: Сырым ауданы Батыс Қазақстан облысының оңтүстік бағытында орналасқан. Аудан өңірінің аумағы 11,9 мың шаршы метр. Тұрғындар саны - 2013 ж 01 қаңтарына 20659 адам. Аудандағы халықтың басым көпшілігі қазақтар. Аудан орталығы - Жымпиты ауылы Өлеңті өзенінің жағасында, облыс орталығынан 140 км. қашықтықта орналасқан. Ауданның құрамында 12 ауылдық округ кіреді, оның ішінде 38 елді мекен бар.

Ауданды сумен қамтамасыз ету «Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына жүктелген.

Қазіргі таңда Сырым аудан тұрғындарының 71,4% орталықтандырылған су құбыры жүйесімен қамтылған, 26,8% - орталықтандырылмаған жүйеден, яғни құдықтан су ішіп отыр, 1,8% - тасымалды сумен пайдаланады. Жылма жыл орталықтандырылған су құбыры суын пайдаланатын халық саны көбейіп келеді. 2002 жылы аудан тұрғындарының 33% орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілсе, қазіргі кезеңде жоғарыда көрсетілгендей бұл көрсеткіш 71,4 %-ға жетті. Сумен қамтамасыз ету нысандары 65,7 % суды жер асты белдеулерінен алады, 5,7 % жер үсті белдеулерінен алады.

Ауданда судан қиындық көріп отырған Бұлан ауылдық округінде су қоры әлсіздеу болғандықтан тұрғындарға су әрең жетеді. Сол себептен де қасында орналасқан Жамбыл елді мекеніне су тартылмаған. Осы елді мекенге ауыз су халыққа тасымалдау арқылы жеткізіледі. Жазғы кезеңде Қосарал, Жетікөл ауылдары тұрғындары ауыз сумен қамтуда көп үзілістер болып келеді. Міне, Сырым ауданында да су тапшылығы әбден –ақ сезіледі.

2010-2012 жылғы халықты ауыз сумен қамту көрсеткіші (%):

Жылдар	Су құбыры		Құдық	Тасымалды су	Жер үсті көзі
	Жер үсті белдеулер	Жер асты белдеулер			
2010	5,4	61	33,6	0	0
2011	4,4	65,2	28,9	0	1,4
2012	5,7	65,7	26,8	1,8	0

Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауында сумен жабдықтаудың 22 көзі бар, оның ішінде 12 су құбыры, 10 құдық. Су құбырымен қамтылған елді мекен саны -15. Жалпы ауданда 72 су алу нүктесі орналасып, халықты күнделікті ауыз сумен қамтамасыз етуде. Ауыз судың сапасы санитарлық қызметпен қатаң қадағаланды, әр тоқсан сайын су құбырлары тексеріліп, ауыз суы микробиологиялық және санитарлық-химиялық көрсеткіштерге сынама алынды. Сынамаларды зерттеу санитарлық-химиялық және бактериологиялық зертханаларда жүргізіледі. Мемлекеттік бағдарлама аясында зертханаларды жаңғырту бойынша 2011 жылы аталған зертханалар 28 түрлі жаңа заманауи зертханалық құралдармен жабдықталды. (Аналитикалық таразы, құрғақтату шкафтар, РН-метр, фотоэлектрикалық фотометр, микроскоп, автоклавтар, вакуумдық фильтрлеу аспабы, термостаттар, гигрометрлер, аквадистилляторлар, сулы монша т.б.). Зертханаларда ауыз су сапасын зерттейтін сынақтар арнайы нормативтік құжаттар негізінде жүргізіледі.

Ауыз судың сапасы 2012 жылы 18.01 .№ 104 ҚР Үкімет Қаулысымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық – ауыз су мақсаты үшін жинау орындарында, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық Ереженің талаптарының сәйкестігіне зерттеледі. Осы зертханалар арқылы ауыз судың эпидемиялық жағынан қауіпсіздігі, химиялық құрамы бойынша зиянсыздығы және дәмі жайлы болуы анықталады.

Мониторинг судың органолептикалық, химиялық және бактериологиялық көрсеткіштерін анықтау арқылы жасалған. Адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді болғандықтан ауыз судың сапасына мемлекеттік талаптар қойылады. Олардың негізгілері: иісі мен дәм көрсеткіші 2 балдан аспауы керек, түсі 20 градустан төмен болуы керек. Ауыз судың кермектігін анықтайтын кальций, магний тұздары аз болса, адам сүйегінің морттылығы өсіп кетеді. Фтордың ауыз судағы мөлшері 1,5 мг/л-ден жоғары болуы флюороз, темірдің, мыстың жетіспеуі - анемия ауруына шалдықтырады. Ауыз суда хлоридтердің көп мөлшерде болуы адамдардың ас қорыту жүйесін бұзады. Санитарлық-химиялық құрамы бойынша ауыз суда түрлі қосылыстар концентрациясының болуы шарт. Су сапасына баға берген кезде оның табиғаты ғана емес, оның химиялық жағдайы, сутектік көрсеткіші, жалпы тотығуы, құрамындағы фтор, нитраттар тобы, құрғақ қалдық, хлоридтер және басқа да жағдайлары ескерілуі керек. 2010-2012 жылғы санитарлық-гигиеналық зерттеулер бойынша орталықтандырылған ауыз су сынамаладың 4,5% талапқа сай келмеген. Бұл сынамаларда судың түсі, кермектілігі және хлоридтердің нормадан көп мөлшерде болғандығы белгілі болды. Хлоридтер көрсеткіші бойынша Алғабас ауылының ауыз суы 2010-2011 жылдары шекті мөлшерден 2,3 есеге өсіп, 820 мг/л құрады. Алғабас ауылының тұрғындырын мемлекеттік талапқа сай ауыз сумен қамтамасыз ету барысында 2012 жылы бұл ауылға жаңадан су тұшытқыш қондырғысы орнатылды.

Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша ауыз суда патогенді микроағзалар болмауы керек. Ауыз судың микроағзалармен ластануы су арқылы таралатын түрлі инфекциялық жұқпалы ауруларды тудыруы мүмкін. Мысалы, аса қауіпті ауру тырысқақ, гепатит А, іш сүзегі, дизентерия, гастероэнтерит секілді аурулар су арқылы адамға жұғады. Сондықтан да суға жүргізілетін микробиологиялық бақылаудың маңыздылығы алғашқы орында.

Аталған жылдар аралығында ауданда өткір ішек жұқпалы аурулар бойынша көрсеткіштері облыстық көрсеткіштермен салыстырғанда төмен. Вирустық гепатит А ауруы тіркелген жоқ. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша ауыз су сынамаларының 2,9%-ы нормативтерге сәйкес келмеген. Олардың 34%-ы жалпы микробтың саны, 66%-ы болса жалпы колиформдық бактериялар бойынша нормативтен асып кеткен. Анықталған сәйкессіздік бойынша су құбырларына жуу, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

ТҰЖЫРЫМ

Мақалада БҚО Сырым ауданы тұрғындары тұтынатын ауыз судың санитарлық-химиялық және микробиологиялық күйінің 2010-2012 жж. мониторингісі бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижесі келтірілген.

Судың құрамын, сапасын зерттей отырып, қолданылатын судың химиялық және микробиологиялық жағынан қауіпсіз болуын көрсету.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены результаты исследования мониторинга качества питьевой воды Сырымского района Западно-Казакстанской области по санитарно-химическим и микробиологическим показателям .

Оценка качества безопасности питьевой воды по химическому и микробиологическому состоянию

SUMMARY

The article presents the monitoring results of sanitary and chemical and microbiological state of drinking water in Syrymsky Area of the West-Kazakhstan region, for 2010-2012 y.

Investigating the structure and quality of consumed drinking water to show safety it on chemical and microbiological composition.

Әдебиеттер:

1. *Постановление Правительства РК №104 от 18.01.2012 года «Санитарно-эпидемиологические требования к водисточникам, местам водозабора для хозяйственно-питьевых целей, хозяйственно-питьевому водоснабжению и местам культурно-бытового водопользования и безопасности водных объектов»*
2. *Коммунальная гигиена. А.Н.Марзеев, В.Жаботинский стр. 177-188*
3. *Вода питьевая. Отбор проб. КР СТ ГОСТ Р 51593-2003*
4. *2010-2012 ж. статистикалық есеп және зерттеу материалдары.*

Ел анасы-жер, жер анасы-су екенін естен шығармайық

*Асамбеков Д.,
зейнеткер, Тараз қ.*



Қазірде су шаруашылығы ардагері атанып, пайғамбар жасынан асқалы да екі жылдың жүзі аунады. Шағын шаруа қожалығының шаруасын дөңгелетіп жүріп жатқан жай бар. Зейнеткерлікке шыққанда қаншама алғыс-тілектер, жылы лебіздер естідік. Бір ініміздің «тағдыры су шаруашылығымен өрілген» деп дәл тауып айтқаны бар. Ойлап қарасам, бар саналы ғұмырым осы салаға арналған екен. Қатардағы инженерден облыс су шаруашылығы саласының басшысына дейінгі қызмет жолынан өтіпін.

Ал, су жағалап, елге қызмет етсем деген арман көкірегіме бала кезден орнағаны да рас. Атам Ақжігіт өткен ғасырдың бас кезінде Шу өңіріндегі елді ұйымдастырып, тоған қаздырған, ағын су жеткен суармалы алқаптарға тары еккізіп, көп өнім алып, халықты тойындырғандығымен есімі осы күнге дейін ел аузында келе жатқан адам болды. Кішкентай кезімнен –ақ оның есімін, жақсы істерін естіп өстім, қариялар басымнан мейірлене сипап «мұраб шалдың немересі» деп атаса төбем көкке жетпей қалатын.

Орта мектепті Хрущевтің билік жасап тұрған кезінде бітірдім. Ол уақытта жоғары оқу орнына түсемін деушілер екі жыл еңбек тәжірибесінен өтуі міндет болатын. Осы тәртіп бойынша «Коммунизм» кеңшарында алдымен қошқар бақтым, сонсоң «ДТ» тракторына отырдым. Бойым шағын болған соң, «темір тұлпарымды» түрегеп тұрып айдауыма тура келді. Арман қуған албырт жасқа мұндай қиындық, қатар-құрбының келемежі не тәйірі! Екі жылдың қалай тез өткенін де аңғармай қалдым. Кеңшар директоры өзімнің жақын ағам, жасы біразға келіп қалған, кезінде Кеңес өкіметін құруға қатысқан, Ораз Жандосовтың үзеңгілес серігі болған, отызыншы жылдарғы нәубетте «халық жауы» деген жаппамен, жер аударылып, ақыры ақталып келген Абибулла Көшенов еді. Осы шаруашылықтың экономикасын, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын көтерген, сөзге шешен, қазақы әзіл-қалжыңға да шебер қайраткердің есімі, жақсы істері, сөздері күні бүгінге дейін ел аузында. Жастарға қамқорлығы да ерекше еді. Менің жұмысқа ынтамды байқаған да екен. Шаруашылықтың сиыр, қой фермаларын басқарып жүрген әкем Асанбек (балалары «тәте» дейтінбіз) менің жайымды айтып алдына барғанда «оқысың, баланың болашағына балта шаппа, еңбегін ескеріп кеңшардан жолдама берейік» депті. Бұлай дейтіні әкемнің мені оқуға жібергісі келмеді, «екі жыл қарайып қалдың, түсе алмайсың, жұмысыңды істей берсең қайтеді» деген алдында маған. Абибулла Көшеновтің жолдамасы маған жоғары оқу орнына конкурстық түсуге әрі шәкіртақымның өзгелерден отыз пайыз жоғары болуына көмегін тигізді. Ол кез Жамбыл аталатын Тараз қаласындағы гидромелиорациялық құрылыс институтына оқуға түстім. Ақжігіт атамдай суды соңына ерткен адам боламын деген арманым жету жолындағы алғашқы қадам осылай жасалды.

Әкемнің қорыққанындай бар екен, институтта оқу оңай болмай шықты. Бірінші курстың екінші семестрінен бастап мамандық пәндері басталды. Оқу орыс тілінде, қазақ мектебінде оқыған маған өте қиын. Алайда, өзім керемет санайтын мамандыққа деген құштарлық кедергі атаулыны жеңуіме жеткізді. Мектепке бес жасымда барып, өзімнен үлкен балалардан қалыспай тәп-тәуір үлгіріп кеткенім бар-ды. Институтта бес жыл бойы оқу кезінде, Қаратау, Қарғанды, тағы басқа да қалаларда тағылымдамадан

өткен, практикалық жұмыстарда жүргенде намысқа тырысып бақтым.

Жоғары оқу орнын да бітіріп туған ауданыма оралдым. Бұл 1970 жыл болатын. Шу аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына құрылыс инженері болып орналасып, сәл кейін аудандық аға-инженер гидротехник болып істей бастадым. Аудандағы барлық шаруашылықтарды ағын сумен қамтамасыз ету шараларын, су жүйелерінің уақтылы жөнделуін бақылау тікелей міндетіме кіретін. Маған бекітілген көлік «Урал» мотоциклі.

Үш жыл жаман еңбек етпеген болармын, аудан басшылары мені 25 жасымда құрылысы жаңадан қолға алынып жатқан Тасөткел су қоймасының бастығы қызметіне ұсынып, «Главриссовхозстрой» бас басқармасы бекітіп, жаңа қызметіме кірістім.

Тасөткел су қоймасын салудағы басты мақсат- Қырғыз республикасының тау шатқаларынан бастау алып, аяқ жағы құмға сіңіп, ізім-ғайым жоғалып кететін Шу өзенінің орта тұсынан тоспа салып, жинақталған суды облысымыздың Шу, Мойынқұм, көршілес Оңтүстік Қазақстанның Созақ аудандарының ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне жарату болатын.

Құрылысқа сол кезгі құдіретті КСРО-ның түкпір-түкпірінен әр түрлі ұлт өкілдері келіп қатысты. Олар алғаш вагон-үйлерде, бастырмаларда тұрды. Бес жыл ішінде бос жатқан сайын дала төсінде бау-бақшаға оранған елді мекен пайда болды.

Тасөткел су қоймасының бастығы болған жылдары үлкен өмір мектебінен өттім. Мәскеу, Ленинград, Алматы қалаларына келген Одақтық, республикалық су шаруашылығы министрлері, республикалар басшылары бар, небір су шаруашылығының басшы-мамаңдарымен, елге белгілі тұлғалармен әріптес, дастархандас болдым. Ұлағатты ұстаздар, достар таптым.

Қасиетті Құран кітабында ер-азамат жасауы тиіс үш сауапты іс бар, олар- көпір салу, тал өсіру, құдық қазу делінеді. Мен қырық жылдан аса су шаруашылығы саласында басшы қызметтер атқарғанымда осы үш сауапты істі де атқарып, халықтың ризашылығын алумен бірге Алланың да ризалығына бөленген шығармын деп есептеймін. Өйткені, Тасөткел қоймасымен бірге қаншама көпір салынды, елді мекендер жасыл-желекке оранды. Ал, үшінші іске келсек, мол тәжірибемді ескерген облыс басшылары 1982 жылы мені жайылымдық жерлердегі су жүйелерінің, скважиналардың, шахталық құдықтардың құрылыстарын және жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оларды пайдалануды ұйымдастыратын облыстық басқарманың бастығы етіп тағайындады. Осы қызметті атқара жүріп, облыстың шалғайдағы елді мекендері мен мал жайылымдарына конструкциялары әр түрлі бірнеше мыңдай құдық қазып, су нысандарын салып, оларды тұрақты жөндеп отыруды қамтамасыз етіппін. Ол жылдары қуаңшылық белең алғандықтан миллионнан астам қой, мыңдаған мүйізді ірі қара мал мен жылқы көктем туа Сарыарқа жайылымына айдалып, Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданындағы өрістерді жаздай жайлайтын. Өз аяғымен жайылып, семірген мал Қаражал қаласында етке өткізілетін. Осында облыстық штаб жұмыс істеді. Біздің басқармаға жүктелген міндет - Талас, Сарысу, Мойынқұм ауданының малшылары көктемде және күзде мал айдап өтетін 11 трассаның бойындағы өзіміз қазған құдықтарды тазалау, жөндеу, су жоқ жерлерге астаулар орнатып, автомашинамен тасып оларды толтырып отыру еді.

Ал, мұндай шаруаларды атқару оңайға түскен жоқ. Әуелгі кезде, басқарманың әлеуетін арттыруға, қосымша қаржы, техника, өндірістік базадан көмектесулерін сұрап республика ауыл шаруашылығы министрлігінің үстімізден қарайтын «Казглавсельхозводоснабжение» бас басқармасына шықтым. Бірақ мардымды жәрдем ала алмадым. Әйтсе де, іздендік, қиындықтан шығар жолды да таба білдік. Көп ұлтты мекемемізде қазақ, орыс, немістің небір жаңашыл, іскер азаматтары бар-ды. Соларға сүйендім, бір механизммен бірнеше жұмысты атқаруға, қыруар қаржы, жанар-жағар май үнемдеуге қол жеткіздік. Су шаруашылығы институтында бірге оқыған, қазірде үлкен ұстаз-ғалымдардың бірі, техника ғылымының докторы Жүзбай Қасымбековпен ақылдасып, өнертапқыштардың жұмыстарын ғылыми тұрғыдан негіздедік, өндіріске енгізулеріне кең жол аштық. Бұл керемет нәтижесін берді. Мысал келтіре кетсек, бір «К-700» тракторына екі тіркемені (тележка) қосады, ал-

дына бульдозердің сүргісі, экскаватордың стрелкасы ,артына дәнекерлегіш аппарат және орнатылады. Екі тіркеменің бірі әдетте, доңғалақты вагонша. Біздің техник-жұмысшылар, құрылысшылар осы трактормен қаладан 200-250 шақырым қашық объектіге барып, айналасы бірнеше күнде жұмысты тындырып келеді.

Кезінде тәжірибеміз республика асып, Одаққа таратылып, Мәскеудегі Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы Жетістіктері көрмесі бізге арнайы орын бөліп берді. Мемлекеттік тапсырыспен біздің іс-тәжірибеміз туралы республикалық «Қайнар» баспасынан қазақ және орыс тілдерінде кітапша шықты, ғылыми-көпшілік телефильм де түсірілді. Мекемеміздің беделі республикада жоғары болды. Бірнеше рет республикалық семинар өткіздік. Тәжірибе үйренуге келушілер аз болған жоқ. Ал, малды аудандардың төрт түлік өсіргендерінің айтар алғыстары зор болатын. Мойынқұм ауданын ширек ғасыр басқарған Айтбай Назарбеков кездесе қалсақ «Ой, Дәулет шырағым, ауданның пәленбай жүз мың қойын суатпен қамтамасыз еткен Сіздің мекемеңізді қадірлеп, құрметтейміз» дейтін.

Мекемеміз су шаруашылығы институтының студенттері тәжірибеден өтетін өзіндік бөлек кафедраға айналды. Тәжірибе мен ғылымды ұштастыра жүргізудің қайтарымы мол болатындығын ұғыну мені ғалымдармен байланыста жұмыс жүргізуге үйретті. Мәскеуде сырттай оқып аспирантураны бітірдім. Қайда озық тәжірибе бар сонда баруға сұрануға құмар едім. Бірде, облыс басшылары Мәскеу түбіндегі Реутов қаласына іс-сапарға жібергенде жел күшімен жұмыс істейтін қондырғыларды енгізу тәжірибесін үйреніп, келіп, Сарысу,Талас, Меркі, Қордай аудандарына құдықтағы суды мал суаруға пайдалануға болатын «УВМ-2» , «УВМ-4-20», «УВЭМ-6-4» қондырғыларын тегін, үкімет қаржысына орнатып беруге мұрындық болғаным бар. Жап-жақсы жұмыс істеп тұрған сол қондырғылар ұжымшар, кеңшарлар тараған кезде қолды болып кетті.

Қазір ғой, Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған «жасыл экономикаға» көшу, қуат үнемдегіш технологияларды кеңінен енгізу жайлы көп айтылып, жазылып жатыр. Осыдан бірер ай бұрын облысымызға жұмыс сапарымен келген қоршаған ортаны қорғау министрі Н.Қаппаров біздің облыстағы бұл бағыттағы ізденістерге жоғары баға берді, іс-тәжірибемізді бүкіл республикаға таратуға болатынын айтты. Бұл әрине, жақсы.

Жалпы, экология проблемасы біздің ел ғана емес, бүкіл әлем жұртын толғандырып отырған қазіргі шақта көптеген мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан үшін де су тапшылығы қатері туындап отыр.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей назарында. Үстіміздегі жылдың наурыз айында өткен Қауіпсіздік кеңесінің отырысында осы мәселе жөнінде атап көрсеткені баспасөзде жазылды. Қырғызстан республикасына мемлекеттік сапары кезінде, Өзбекстан Республикасы Президенті И.Кәрімовпен келіссөздер жүргізген кезде де өзге де мәселелермен қатар осы су тапшылығы проблемасы да талқыланды.

Аумағымен ағатын ірі өзендердің дені көрші республикалардан бастау алатын біздің облыс үшін суару маусымында жобалап айтқанда, кем дегенде төрт миллиард текшеметр ағын су қажет. Осының төрттен үш бөлігін қырғыз елі береді. Ал, қалғанын өзімізде жинақталған су қорларынан аламыз.

Өткен, 2012 жылы су тапшылығы өте қатты сезілді. Мұның басты себебі неде жатқандығын айту үшін алдымен өткенді еске алған жөн сияқты. Кеңес дәуірінде Үлкен Шу каналының суын Қырғызстанның үш ауданы және өз облысымыздың Т.Рысқұлов және Меркі аудандары егіс алқаптарына нәр жеткізуге пайдаланды. Кейінгі жылдары Қырғызстан жағы біздің аудандарға тиесілі суды бермеді. Бұрынғы кезде Мәскеуге, Орталыққа бағынғандықтан су бөлуде тәртіп бар еді.

Ал, қазірде жағдай басқаша. Судың құлағын ұстап отырған айыр қалпақты ағайындар арналардың ағысын бөлуде көбіне өз мүдделерін көздеп кетті. Осыдан барып, баспасөзде жазылып жатқандай, ырыс көзі-ылғалды күткендегімізден аз алып келеміз. Бұл өз кезегінде біздің облыста су тапшылығын, көптеген аудандарда шаруа қауымының өсіргенін шөлге ұрындырып, қиналысқа тап келуін туғызды.

Әсіресе, Жуалы, Меркі аудандарының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілері үлкен ауыртпалыққа ұшырады. Негізінде Жамбыл облысы мен Қырғызстанның шекарасындағы атышулы Киров су қоймасын салғандағы мақсаттың өзі осында жинақталатын судың басым бөлігін алдымен әулиеаталықтар, сосын қырғыздардың пайдалануы болатын. Кеңестік дәуірде су қоймасының суын қазақпен қырғызға бөліп берудің мөлшерін құдіретті Мәскеу шешіп келген болатын. Ал, бүгінде Тәуелсіздігіміздің жиырма екінші жылында екі ел арасында Киров су қоймасын пайдалануды бір ретке келтіру, тіпті, оны түгелдей Қазақстан меншігіне алу мәселесі күн тәртібінен түспей тұр.

Ал, Киров су қоймасына тәуелділіктен құтылудың қандай жолы бар? Бізінше, таудан әр жылғамен келіп түсетін сулар мен жауын, қар суларын жинап, маусымдық мерзімде пайдалану үшін Киров су қоймасының төменгі тұсынан жаңадан шағын су қоймасын (Әулиеата атын берсек несі айып) салуды жобалау, тұрғызу мәселесін қолға алған, қарастырған жөн. Шындығына көшсек, каналдар мен су қоймаларын жөндеуге мемлекет тарапынан бөлінер қаржы көлемі әлі аз. Десек те, бөлініп жатқан сол аз қаржымен де оңды тірліктер атқарылуда. Егер 2009 жылы су шаруашылығы саласына облыстық бюджеттен бар болғаны 25 миллион теңге бөлінсе, 2010-2011 жылдардан бастап 350-650 миллион теңгеге дейін бөлініп, әр жыл сайын 20-дан астам каналдар мен су қоймалары жөнделіп келеді. Бұл әрине, жалғастыра берілер жақсы үрдіс.

Міне, осындай жайларды ескерсек, біздің облыс үшін сенімді сумен жабдықтау көздерінің санын көбейту мәселесі ерекше сипат алып келеді деп айтуға болады. Облыс жағдайында мұндай проблеманы шешудің бір жолы- көктемде өзендердің және еріген қар суын құр босқа далаға кетірмей жинақтайтын су қоймалары мен тоспаларын пайдаға жарату. Кеңес дәуірінде Қырғызстанға тәуелділікті төмендету, ішкі резервтегі су қорларын молайту үшін пәленбай санды су қоймалары салынған. Қуатты сораптар (насосстар) қойылып, сол су қоймаларының бойына орналасқан егіс алқаптарында ауыл шаруашылық дақылдары өсірілген. Ол кезде колхоз, совхоздар үшін жанармай арзан еді.

Нарық заманы туысымен жанармай бағасы шырқап кетті. Насоспен егіс суару тиімсіз, шаруа үшін өте қымбатқа түсетін тірлікке айналды. Су қоймалары иесіз қалды, өйткені, ұжымшар, кеңшарлар тарап кетті.

Облыс басшылығының осы қараусыз қалған су көздерін шаруалардың пайдаға жаратуларына көмек қолын созғаны соңғы жылдарда ғана. Облыс әкімі Қ.Бозымбаевтың 2011 жылдың 31 наурызындағы №106-шы санды қаулысымен «Жамбыл су қоймалары» мемлекеттік мекемесі құрылып, бүгінгі күнге дейін 60 су қоймасын өз теңгеріміне (балансына) алды. Қазірде қалыптасу жолынан өткен жаңа мекеме сол су қоймаларының төлқұжаттарын жасап, келіп түскен, шыққан судың есебін жүргізіп жатыр. Әрі су қоймаларының техникалық жағдайы тұрақты қадағаланып, гидротехникалық құрылыстарын жасап та отыр. Бір сөзбен айтқанда су қоймаларының егістік алқаптарының ылғалы қанық болуына жетерлік сумен жабдықтаудың сенімді көзіне айналуы үшін қаракеттер жасалуда.

Су шаруашылығының байырғы маманы, облыста осы саланы басқарған адам ретінде өз пікірімді ортаға салсам су қоймаларын дұрыс, тиімді пайдалана білу ылғал тапшылығынан құтылуға жәрдемдесетін ірі резерв көзі. Әрине, бұл үшін шаруаларға су қоймаларын пайдалануда аса қажет жанармаймен, соляркамен субсидиялау жолымен болса да көмектесу керек.

Ал, жергілікті су қорларын көбейтуге бізде мүмкіндік, жағдай бар. Тек құнт керек. Ерте көктемде қар, жаңбыр суын жинақтауға болатын ойпаң жерлер қай өңірде де баршылық.

Егістікке пайдаланылатын су қорын молайтудың басқа да жолдары бар. Көктемде қар ерігенде, жауын-шашын мол түсе қалса елді мекендерде су тасқыны қаупі туып, әбігерленіп жатады. Сол суларды жергілікті жер бедерінің ыңғайлылығын пайдаланып, ойпаң жерлерге жинақтаса қосымша су қоймасы пайда болар еді. Осы шараны ойластыру қажет.

Ең басты резерв әрине, су ысырабына жол бермеу. Суарудың әр өңірге сай келетін тиімді тәсілін қолдануға көшкен жөн. Қазірде суарудың озық әдіс-тәсілдерін өте көп. Таразда Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Тар МУ-дың да ғылыми әлеуеті өте зор. Демек, ғалымдар мен білікті мамандардан тапшылық көрмейміз. Әрі әлгінде айттым, облыс басшылығы тарапынан су шаруашылығындағы жағдайды оңдауға көп көңіл бөлініп, қаржылай қолдау көрсетіліп келеді.

Су проблемаларын шешуде ойластырар мәселелер әрине, көп. Күні кеше қоршаған ортаны қорғау министрі Н.Қаппаров 2050 жылға қарай трансшекаралық судың түсу көлемі үш есеге дейін кемитіні жөнінде айтты. Ведомство басшысы ағын судың жетімсіздігінің орнын суды үнемдеуде белгіленген шаралардың бәрін жүзеге асыру, су жинақтайтын жасанды көлдер мен су қоймалары құрылысын жүргізу арқылы толтыруға болады деген пікірін де ортаға салды.

Біздің айтпағымыз да осы. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін бірінші кезекте коммуналдық меншіктегі су жүйелеріне иелік ететін, өз қаржысы, жобасы, техникасы, материалдық базасы бар, мамандандырылған, су ресурстарын пайдалану мәселелерін шешіп отратын бірыңғай облыстық мекеме құру қажет. Бәрі осылай бір қолға шоғырланса, қосарланушылық болмайды, жұмыс өнеді.

Және бір ойластырар мәселе тамшылатып суаруға қатысты. Бұл тиімді екені дәлелденген тәсіл. Алайда, өріс ала алмай келе жатыр. Басты себеп-- қажетті құрылыстардың шеттен әкелінетіні, көп қаржыға түсетіні. Бұдан құтылу үшін өзімізде суару жүйелерінің құрылыстарын жасап, шығаратын зауыт салуды неге қолға алмасқа.

Үнемдеу технологиясын енгізуді тездетпесе болмайды. Біздің облыс жағдайында ерте көктемде, күзде ағынсуға деген қажеттілік аз. Жоңышқа алқаптары, бау-бақшалар, күздік егістерін дәл осы кезде суару қажет. Ал, шілдеде аз судың бәріне жетуі үшін үнемдеу технологиясы, тамшылатып суарудың қолданылу аясын кеңейту керек-ақ. Бұған қоса ағын су жеткізетін мекемелерге ағын су жеткізіп беру қызметінің тарифін нақты бекітіп берудің де уақыты жетті. Не болмаса айырмасы жергілікті бюджеттен төленуі керек.

Тағы бір мәселені айтпасқа болмайды. Қазіргі кезде адамда да, малда да аурудың түрлері көбейіп тұр. Бұған ішетін су мен тұтынатын азық-түліктің тазалығының қандай дәрежеде екендігінің де қатысы бар. Бұрынғы кездерде біз мал жаз жайлауға, күз қыстауға айдалатын жолдардың бойындағы құдықтардың бәрін қатаң бақылап, тазалаудан өткізіп отыратынбыз. Ал, қазірде мал жайылымдары ғана емес, елді мекендердегі құдықтардың өзі жылдар бойы тазаланбайды. Ол құдықтарда аң-құстардың өлекесіне дейін жатады. Содан-да сол жерден суат тапқан мал ауырады, оның сүтін ішіп, етін жеген адам да кесел табады.

Әр ауданда ашық, жабық су көздерін тексеруден өткізіп, анықтайтын, оны ішу үшін залалсыздандыратын зертханалар құру керек.

«Ойды ой қозғайды» демекші су мәселесіне қатысты талай жайды айттым. Атамыз қазақ «Өмірдің жер денесі, су-қаны, еңбек –жаны» дейді. Сол өмірдің қан-тамыры су жолдары, нысандары ақаусыз жұмыс істеуіне жету үшін су шаруашылығы мамандары суару маусымын жақсы ұйымдастыруы, еселі еңбек етулері қажет. Және де халқымызда «Судай таза бол бәрін жуып кетіретін, жердей күшті бол, бәрін көтеретін» дейтін бата бары да еске түсіп отыр. Ескіден жеткен «Ел анасы –жер, жер анасы-су» деген қанатты сөз де бар. Осы дана тұжырымды естен шығармасақ екен.

Кененбаеву Толебай Сагадиевичу - 60 Лет



Кененбаев Толeбай Сагадиевич родился 1 июля 1953 года в Коксуйском районе Алматинской области. Имеет ученую степень: кандидат сельскохозяйственных наук, по специальности «мелиорация и орошаемое земледелие».

В 1975 году окончил агрономический факультет Казахского сельскохозяйственного института в г. Алматы.

В 1981 году окончил аспирантуру по специальности «мелиорация и орошаемое земледелие». Защитил кандидатскую диссертацию в 1986 году по специальности «мелиорация и орошаемое земледелие» в г. Херсон, Украина.

В 2008 году окончил ТарГУ им. Х. Дулати по специальности: «Водные ресурсы и водопользование» в г. Тараз.

Трудовая деятельность началась с июля 1975 года помощником бригадира (был ответственным за орошение сточными водами) в п. Бурундай Алматинской области.

По приглашению кафедры с/х мелиорация Казсельхозинститута с 1975 по 1979 год работал научным сотрудником НИР по заказу Министерства мелиорации и водного хозяйства Казахской ССР.

В период с 1979 по 1995 год работал ассистентом, старшим преподавателем, доцентом кафедры с/х мелиорация.

По совместительству в 1982 и 1986 годы был назначен заместителем декана агрономического факультета, а в 1986-1990 годы – заместителем декана по работе с иностранными студентами (Ангола, Афганистан, Боливия, Гана, Никарагуа, Эфиопия, НДРИ, Куба и др.) на общественных началах.

В 1981-1993 гг. регулярно проводил летнюю полевую учебную практику для студентов на оросительных системах Енбекшиказахского района Алматинской области. Разработал и внедрил программу полива для ДДА-100МА и ЭДМФ «Кубань».

С 1995 года по приглашению Минсельхоза РК перешел на должность консультанта Группы управления проектом «Усовершенствование ирригационных и дренажных систем» (ПУИД), реализованного в 9 областях страны, на 32,0 тыс. га.

В период 2006-2012 гг. выполнял функции консультанта Комитета по водным ресурсам Минсельхоза РК по подготовке ТЭО ПУИД-2, целью которого является перевод на водосбережение и улучшение мелиоративного состояния орошаемых земель общей площадью 113,0 тыс. га, в бассейнах трансграничных рек Сырдарья, Талас, Шу и Иле.

С января 2013 года - начальник отдела «Стратегическое и инновационное развитие» РГП «Казводхоз» КВР МООС РК.

Участвовал в зарубежных учебных поездках по изучению опыта по управлению водохозяйственными и гидромелиоративными системами: Германия - фермерские кооперативы (1995г.), Португалия – ассоциация водопользователей (1995г.), Турция – мелиорация почв (1996г.), США (Калифорния) – технология и экономика орошения (1998г.).

Более 70 научных и методических работ опубликовано по проблемам перевода ирригационных и дренажных систем на водо- и почвоохранную основу, в т.ч. по опыту и урокам международных проектов ПУИД-1.

Подготовил сценарии и организовал съемку учебных фильма: «Водо-сберегающие поливы» и «Объединение водопользователей».

В 2003 году обосновал и внес предложение (для стимулирования улучшения технического состояния) о необходимости снижения ставки налога на имущество - на гидромелиоративные системы с 1% до 0,1%, которое Минэкономикой и Парламентом РК было поддержано и внесено в Налоговый кодекс РК.

В период 1999-2012гг. участвовал в рабочих комиссиях по разработке, обсуждению и доработке проекта Концепции развития водного хозяйства и с/х водопользования, законопроекта «Об объединениях водопользователей» и новой редакции Водного кодекса РК; выполнил анализ законодательства РК (Бюджетный кодекс, Земельный и Водный кодекс) с учетом необходимости внедрения международного опыта инвестирования оросительных и дренажных систем; разработал формы статистической отчетности для орошаемых земель, которые приняты постановлением Правительства РК в 2010г.; участвовал в разработке схем и механизмов о возможном участии АО «Самрук-Казына» в усовершенствовании ирригационных систем с внедрением ГЧП, член рабочей группы по разработке Государственной программы по управлению водными ресурсами на период до 2040 года.

Трудовая деятельность Кененбаева Толебая Сагадиевича высоко оценена Правительством Казахстана. Он награжден почетными знаками «Су шаруашылығының кәсіби қызметкері», «Экология саласының үздігі».

Толебай Сагадиевич охотно помогает методическими консультациями и советами. Пользуется уважением всего коллектива Комитета по водным ресурсам.

Хороший семьянин, имеет сына и дочь, воспитывает внуков.

В этот знаменательный день коллеги от всей души поздравляют уважаемого Толебая Сагадиевича, благодарят за огромный вклад на благо нашей Родины, желают здоровья, долгих и счастливых лет жизни!

Уважаемый Толебай Сагадиевич, Ассоциация водохозяйственных предприятий Казахстана и редакция журнала «Водное хозяйство Казахстана» присоединяется к поздравлениям в связи с Вашим юбилеем и желает Вам здоровья, счастья и радости.

Телефон рекламного отдела: 8 (7172) 27-45-80.

E-mail: kazaqua.ast@gmail.com

ПРАЙС-ЛИСТ

на размещение рекламы в журнале «Водное хозяйство Казахстана»

Научно-информационный журнал «Водное хозяйство Казахстана» издается с января 2004 года. Издание освещает актуальные вопросы экологии, мелиорации, водохозяйственных технологий, безопасности гидротехнических сооружений, питьевого водоснабжения, водного законодательства.



Журнал ориентирован на широкий круг специалистов в следующих областях:

- Водоподготовка, водоснабжение и очистка сточных вод;
- Оборудование и материалы в водном хозяйстве;
- Опыт эксплуатации объектов водного хозяйства;
- Экология и экономика водного хозяйства;
- Проектирование гидротехнических сооружений;
- Вода и здоровье;
- Гидромелиорация водохранилища, гидроузлов;
- Водная дипломатия.

Тираж 1100 экземпляров, распространяется **по всей территории РК** с периодичностью 1 раз в месяц, 56 страниц, обложка полноцветная глянцевая + двуцветные. **Формат - А4**

Реклама в журнале **Водное хозяйство Казахстана** – это мощный инструмент, позволяющий одним размещением охватить аудиторию высокого уровня, тем самым поднять имидж компании, продукции или услуги. Реклама в журнале имеет обширную и разноплановую аудиторию и именно поэтому в журнале может представлена реклама различных услуг и продукции.

Решением коллегии Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки МОН РК журнал включен в перечень изданий рекомендуемых для публикаций основных научных результатов диссертаций.

УСЛОВИЯ РАЗМЕЩЕНИЯ

Сдача материалов в номер **за месяц до публикации**, но в случае предварительного согласования не позднее, чем за 20 дней, сдача рекламных модулей **не позднее 20-го числа текущего месяца**.

Если вы хотите заказать разработку рекламного модуля у нас - **сроки необходимо согласовывать отдельно**.

Стоимость размещения рекламы

Наименование зоны	Стоимость, тенге
Обложка первая (А4 полноцветная)	200 000
Обложка третья (А4) (А4 полноцветная)	100 000
Обложка четвёртая (А4) (А4 полноцветная)	150 000
Баннер на внутренней странице* (А4, двухцветная)	100 000
PR – статья**	25 000

** рекламный плакат размером с страницу в котором размещаются: логотип рекламодателя, фотографии, короткие рекламные слоганы, контактные данные рекламодателя, полноцветный.

** статья размером с страницу в которой размещается логотип рекламодателя, фотография рекламодателя, оригинальный материал, подготовленный самим автором или сотрудниками его фирмы

